

Меморандум Астық ПВ

Железин аграрлы-техникалық колледжі "ASTYK-PV" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен қамқорлық және өзара ынтымақтастық туралы екі жақты меморандумға қол қойды.

"ASTYK-PV" ЖШС өкілдерінің колледжге қамқорлығының мақсаты техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

Меморандумға сәйкес, кәсіпорын ТЖКБ мазмұнын, колледждің материалдық-техникалық базасын жаңартуға, инженерлік-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыруға, дуальды жүйе бойынша өндірістік оқыту мен өндірістік практиканы өткізуге, колледж түлектерін ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу кәсіпорындарында жұмысқа орналастыруға қолдау көрсетеді.

Екі тараптың өкілдері өзара ынтымақтастық агросфераның білікті мамандарын даярлау жөніндегі жұмысқа жаңа серпін беретініне сенім білдірді.

– Осы ынтымақтастық туралы Меморандум тараптардың өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы саласындағы білікті жұмысшы кадрлар мен мамандарды даярлау сапасын арттыруға бағытталған бірлескен қызметін одан әрі кеңейтуге мүмкіндік беретініне сенімдімін, – деп атап өтті колледж директоры Р. М. Ғабидулин.

Меморандумға қол қою кезінде кәсіпорын қызметкерлері қоғам мен еңбек нарығының заманауи талаптарының шынайылығында колледж мамандықтарының өзектілігі мен сұранысына назар аударды.

Бұдан басқа, осы жоба шеңберінде оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері және кәсіпорындардың жетекші мамандары қатарынан білім беру бағдарламаларының мазмұнын бірлесіп әзірлеу, өзектендіру және студенттердің кәсіптік практикасын ұйымдастыру үшін жұмыс тобы құрылды.

Осылайша, техникалық және кәсіптік білім беру саласы қарқынды дамып келеді. Болашақ мамандарды сапалы даярлау үшін әлеуметтік әріптестермен меморандум жасасу жалғасатын болады.

